



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 16/16  
22 қазан



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
www.nstagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

## "Республика күні"

### Қымбатты жерлестер!

Сіздерді еліміздің ең басты ұлық мерекесі - Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Иә, еліміздің өз алдына мемлекет болғанына 30 жылдан асты. Бұл тарихи тұрғыдан алғанда аз уақыт болғанымен, дербестігімізді алған осы кезең ішінде ғасырға бергісіз жолды жүріп өттік.

Алтай мен Каспий арасындағы ұланғайыр жерді жайлап жатқан Қазақ елі бүгінде әлем картасында нық орналасып, ынтымақ пен бірліктің бесігіне, әлемдік қоғамдастықтың белді әріптесіне, Орталық Азиядағы шешуші елге айналды.

Республика күні – бабаларымыздың сан ғасырлық арман-тілегі орындалған Ұлы Күн! Шекарамыз шегенделіп, Туымыз төрге ілініп, Әнұранымыз асқақтап, Елтаңбамыз елдігімізді көрсеткен Ұлық Күн!

Бүгінгі күні талай тағдырлы кезеңдерді артқа тастап, жаңару жолына қадам бастадық. Республикамызды қарқынды дамыту, халықаралық кеңістіктегі орнын одан әрі нығайту жолындағы мақсатты идеялар мен міндеттерді нәтижелі жүзеге асырып келеміз.

Сіздерді Ұлттық мерекеміз Республика күнімен құттықтай отырып, елімізді, өңірімізді өркендету жолында аянбай еңбек етейік дегім келеді. Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға ырыс-несібе, амандық, халқымызға береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін.

*Приозерск қаласының әкімі  
С. Сатаев,  
Приозерск қалалық мәслихат  
хатшысы Б. Сәрсембеков*

### Уважаемые Приозерцы!

Искренне поздравляю вас самым значимым для нашей страны праздником - Днем Республики!

День Республики вновь стал одним из главных праздников страны, который до 2009 года всенародно отмечался как национальный и государственный праздник, получив позитивную общественную поддержку.

День Республики связан с датой 25 октября 1990 года, когда Верховным Советом была принята Декларация о государственном суверенитете Казахстана. Исключительная роль Декларации в том, что Казахстан впервые заявил о себе как об уникальном территориальном субъекте, имеющим собственное мировоззрение, индивидуальные обычаи, традиции, а также видение своего будущего.

День Республики - это символ признания поколением своих истоков и преемственности, уважения исторических заслуг и воли нашего народа на пути к государственной независимости.

Пусть этот праздник всегда придает нам силы и уверенность в достижении целей во благо нашей Отчизны, во благо будущих поколений! Уверен, впереди нас ждут новые свершения и не менее яркие победы! Желаю всем добра, крепкого здоровья, счастья и достатка в семье, новых достижений и успехов во всех начинаниях. Пусть крепнет дружба, единство, мир и благополучие нашей Республики! Пусть крепнет и процветает наш Независимый Казахстан!

*Аким города Приозерск  
С. Сатаев,  
Секретарь Приозерского  
городского маслихата  
Б. Сәрсембеков*

## РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

### МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТТЫ ЖИЫН



Қазанның 21-жұлдызы күні «Достық» БЖШО мәжіліс залында Қазақстан Республикасы күні мерекесіне арнаған салтанатты жиын болып өтті. Оған қала тұрғындары, мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар мен кәсіпкерлік нысандар жұмысшы-қызметкерлері қатысты. Әсем безендірілген сахна шымалдығын «Достық» БЖШО-ның «Балбырауын» домбырашылар ансамблі «Айжан кыз» күйімен ашты. Ұлттық мереке – Республика Күніне арналған салтанатты жиын ашық деп жарияланғаннан кейін сахнаға еліміздің көк туы салтанатты түрде шығарылып, әнұран орындалды.

Республика күніне орай Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев құттықтау сөз сөйледі. Кезек марапаттау рәсіміне келгенде алғаш болып сахнаға көпбалалы аналар шақырылды. Қазақстан Республикасы Президентінің атынан 2022- жылы 6-қыркүйектегі №1000 Жарлығы бойынша «Күміс алқа» мемлекеттік наградасымен Гүлзира Сайранбайқызы Махмудова және Умут Жонназарова Турабаева марапатталды. Қазақстан Республикасы білім министрінің атынан № 1 мектептің оқытушысы Зулайхо Гузаровна Ералиева «Еңбек ардагері» төсбелгісін омырауына тақты. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің «Орта білім беру үздігі» Құрмет дипломымен № 1 мектептің мұғалімі Гүлмира Шымбергенқызы Қасымова марапатталды. Сондай-ақ Республика күнін мерекелеуге байланысты, қаламыздың көркеюі мен экономикасының өсуіне өзіндік үлесін қосып жүрген азаматтар марапатталды. Қала әкімінің Құрмет грамотасы «Сарышаған Сужылы-2014» ЖШС директорының міндетін атқарушы Курец Сергей Васильевичке, Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы директорының орынбасары Оспан Орынбайұлы Қаланбоевке, Приозерск қалалық кітапханасының директоры Павлина Сиязбекқызы Кенжебековаға табысталды. (Республикалық ұлттық кітапхананың тапсырысымен шыққан «Қазақстанның көрнекі кітапханашылары» энциклопедиясына жерлесіміз Павлина Сиязбекқызы Кенжебекова жөнінде мәліметтер еніп отыр).

Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен №2 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі Салтанат Ғалымжанқызы Қалдыбаева, Приозерск қаласы төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Нұрбек Адизханұлы Абдиқаримов, №15 Өрт сөндіру бөлімі автокөліктерінің жүргізуші-қызметкері Жасұлан Аллабергелұлы Отарбаев марапатқа ие болды. Приозерск қаласы мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсынұлы

Сәрсембеков жиын қатысушыларын айтулы мерекемен құттықтады және Қазақстан Республикасы күніне орай, қаланың қоғамдық және саяси өміріне белсене атсалысқаны үшін қалалық мәслихат хатшысының Құрмет грамотасымен қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер Нематов Ахмед Джалил-Оғлы, Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару аумақтық Кеңесінің төрағасы Мұрат Сағадилұлы Орынбековті марапаттады. Мәслихат хатшысының Алғыс хаттары «Ер-Тай» ЖШС-нің жүргізушісі Қайрат Қанатұлы Тұрлыбаев пен жеке кәсіпкер Мәдина Бақытқызы Сарбасоваға табысталды.

10-Сарышаған сынақ алаңы 03080 әскери бөлімі командирінің орынбасары полковник Воронов Валерий Васильевич, Приозерск гарнизоны бастығының міндетін атқарушы, подполковник Андрей Владимирович Зотов жиын қатысушыларын құттықтады. А.В.Зотов 60 601 әскери бөлімінің «Сағадат» әскери-патриоттық клубын шын жүректен құттықтай отырып, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің алғыс хатын қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевке табыс етті және төмендегі хат мәтіні оқылды: Құрметті Сапар Қайыркенұлы! Сізге Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің жеке құрамы атынан VIII Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына 60601 әскери бөлімінің «Сағадат» әскери-патриоттық клубының қатысуына және дайындауда қолдау көрсеткеніңіз және жастарды әскери-патриоттық түрбиелеу сапасына қосқан үлесіңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.




Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс, бақ-береке тілеймін! Ізгі тілекпен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Генерал-лейтенант Шпекбаев.

Сондай-ақ қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кенесқызы Қасымова, № 2 мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова және қалалық жастар ресурстық орталығының басшысы Ұлан Алмасұлы Қазақстан Республикасы қарулы Күштері, Тыл және қару-жарақ бастығы генерал-майор Ахмадиевтың дәл осындай Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты жиын соңы қала көркемөнерпаздары ұйымдастырған мекемелік концерттік бағдарламаға ұласты.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

## 13 жылдан соң қайта оралған «Республика» күні



Нұрсұлтан Назарбаевтың үкімімен 1995 жылы қазанда жарияланды.

Ал 2009 жылы аталған заңға өзгерістер енгізіліп, 30-тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күні, ұлттық мереке болып жария етілді. Сондай-ақ Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл қалыпты жұмыс күніне айналды.

2022 жылы 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан президенті Қасым – Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды.

Республика күні халықтық мереке. Бұл күні елде мерекелік көңіл-күй орнап, концерттік бағдарламалар қойылып халық шад-шадыман күйде жүреді. Бұл бұрынғы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған азаттық таңы.

*Приозерск қаласы №2 ЖББМ  
Қазақ тілі мен әдебиеті  
пәні мұғалімі  
Кайыржан Айнуарқызы*

Алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып Елбасы

## О ходе подготовки проведения внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, назначенных на 20 ноября 2022 года

Касым-Жомарт Токаев 1 сентября объявил, что в Казахстане пройдут досрочные выборы президента. Внеочередные президентские выборы назначены на 20 ноября 2022 года. Глава государства, выступая со своим Посланием народу Казахстана, отметил, что для успешной реализации реформ необходим новый доверительный мандат народа.

Касым-Жомарт Токаев, обращаясь к гражданам Казахстана, заявил, что сократит срок своих полномочий и пойдет на президентские выборы. Отметим, что теперь в Казахстане президент выбирается только на один срок в 7 лет. Переизбрание запрещено.

В городе Приозерск начаты работы по подготовке проведения внеочередных выборов, назначенных на 20 ноября 2022 года.

Кто будет участвовать в выборах, порядок голосования в внеочередных выборах и многое другое - в наших материалах расскажет председатель Приозерской городской избирательной комиссии Медетбекова Алма Амановна.

**Вопрос:** Здравствуйте! Перед началом нашего интервью, дайте пожалуйста пояснение о целях и задачах выборов?

**Ответ:** Выборы — это один из самых основных компонентов современной политики. Без одного лишь этого компонента невозможно формирование нового правительства страны или органов власти в других демократических организациях. Если же говорить об этой процедуре лишь как о необходимом действии по отношению к формированию новой государственной власти, то выборы — это возможность избрания новых органов власти страны путем открытого голосования граждан. Другими словами, данный процесс позволяет народу получить то правительство, которое он считает наиболее эффективным и ответственным по отношению к делам государства.

Целью является повторить особенности избирательной системы. Доказать что выборы являются основой современной демократии. Задачами являются: разъяснить сущность и значение выборов, закрепить знания об избирательной системе в РК; воспитывать уважение к демократическим ценностям и активную гражданскую позицию; развитие лидерских ка-

честв и коммуникативных навыков. Навыки активного участия в избирательном процессе. Учить самостоятельности в выборе и решении дел.

**Вопрос:** Алма Амановна расскажите, как идет подготовка к проведению внеочередных выборов Президента РК в нашем городе

**Ответ:** Постановлением Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан №65/538 от 22 сентября 2022 года «Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, назначенных 20 ноября 2022 года» утвержден Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, назначенных на 20 ноября 2022 года.

В Календарном плане по пунктам указаны мероприятия начиная с выдвижения кандидатов в Президенты Республики Казахстан до итогов проведения выборов. То есть работа городской избирательной комиссии состоит из основных мероприятий данного Плана. Это объявления состава участковых комиссий, границы избирательных участков, регистрация доверенных лиц и проведения выборов.

**Вопрос:** Ваш опыт работы в избирательной кампании?

**Ответ:** Опыт работы у меня в избирательной кампании более 20-ти лет. До 2019 года была секретарем Приозерской городской избирательной комиссии. С января 2019 года назначена председателем городской комиссии.

Опыт в работе с людьми, чувство долга, ответственности и патриотизма, моя активная жизненная позиция - это те принципы, которым я следую по жизни. В любой работе, в любом деле важен результат, и достичь его можно только силами сплоченной, ответственной команды.

**Вопрос:** Нужен ли опыт, чтобы быть членом избирательных комиссий?

**Ответ:** Члены городской и участковых избирательных комиссий каждый 5 лет избираются решением органом, формирующий состав избирательных комиссий. Городской маслихат на заседаниях сессии утверждает состав избирательных комиссий после получения предложения

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

20 қараша  
ноября 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ



**Ответ:** Да, присутствие по выдвижению кандидатов от каждой партии и общественных объединений.

В настоящее время в городской избирательной комиссии все члены имеют опыт работы в избирательной системе все, то есть 100%. В участковых избирательных комиссиях по заполнению вакансий назначены четыре новых члена комиссий, из 30 членов комиссий опыт имеют 26 человек, это составляет 86%.

В ходе подготовки проведения выборов с участковыми комиссиями проводятся обучения, семинары. Два председателя участковых избирательных комиссий прошли семинары по изучению законодательства о выборах и получили сертификат. Также все члены городской и участковых комиссий проходят тестирование по знанию законодательства и получают сертификаты.

**Вопрос:** как проходят информирование населения о количестве и составе избирательных комиссий, местонахождения и границах избирательных участков?

**Ответ:** В городе Приозерск действует городская избирательная комиссия и четыре участковых Городская избирательная комиссия состоит из семи человек: председатель, заместитель председателя, секретарь и 4 члена комиссий. Участковые комиссии состоят из такого состава, кроме одной комиссии, так как там членов комиссии составляет 6 человек.

Местонахождения участковых комиссий: Участковая комиссия № 257- здание КГП «Центральная городская больница города Приозерск» по ул.Транспортная, 17; Участковая комиссия № 258- здание КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2» по ул.Достык, 20; Участковая комиссия № 259- здание КГУ «Средняя общеобразовательная школа №1» по ул.Кисунько 11а и Участковая комиссия №260 –здание КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» по ул.Космонавтов 2.

Приозерская городская избирательная комиссия в целях информирования населения города и избирателей объявила о составах и местонахождениях избирательных комиссий и о границах комиссий в номерах газеты «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» №12/12 от 24.09.2022 года и №13/13 от 01.10.2022 года.

**Вопрос:** Готовы ли избирательные участки и как будут проходить выборы?

**Ответ:** Все избирательные участки будут готовы к выборам 20 октября 2022 года. С 20 октября текущего года на избирательных участках будут дежурить участковые комиссии. Также

участковые комиссии будут проводить работы по составлению списков избирателей, по оповещению избирателей о времени и местонахождении избирательных участков. В день выбора 20 ноября избирательные участки начинают свою работу с 07.00 утра и закрывают участки в 20.00 часов вечера, после чего подводят итоги выборов.

В настоящее время все избирательные участки оснащены кабинетами, стационарными и переносными урнам, оргтехникой и необходимыми материалами. На избирательных участках имеются телефоны, которые подключены к интернету.

**Вопрос:** Представители СМИ в соответствии с законодательством имеют ли право присутствовать в день выбора?

**Ответ:** В день выбора Представители СМИ при регистрации в соответствии с порядком, установленным ЦИК РК вправе: находиться в помещении для голосования в день голосования, в дни досрочного голосования; присутствовать при подсчете голосов избирателей; присутствовать на заседании УИК при установлении ею итогов голосования; производить фото- и видеосъемку в помещении для голосования, предварительно уведомив об этом председателя, заместителя председателя или секретаря соответствующей избирательной комиссии; ознакомиться с протоколами УИК об итогах голосования, в том числе составляемыми повторно и получать от УИК заверенные копии протоколов УИК об итогах голосования.

**Вопрос:** Будут ли на участках присутствовать наблюдатели от партии и общественных объединений?

наблюдателей предусмотрено. Представители политических партий могут на официальном сайте палаты подробно узнать о своих полномочиях и процедуре утверждения кандидатур наблюдателей. В день выбора с необходимыми документами приходят на избирательные участки, проходят регистрацию и имеют право участвовать в ходе проведения выбора, соблюдая права и обязанности согласно законодательству.

Спасибо Вам Алма Амановна! Мы будем уверены что и голосования в внеочередных выборах Президента Республики Казахстан в нашем городе пройдут на достойном организационном уровне при активной поддержке избирателей. Желаем удачи в работе избирательной кампании!

Айдархан Тогжан  
Талгатбекқызы

### Баспасөз - 2023

#### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта бөлімшесінде, Пушкина көшесі, 9/2-үй мекенжайы бойынша рәсімдеуге болады.

Газетке 6 айға және 12 айға жазылуға болады.

«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін (16364 индекс)	3484,60 тг.	6969,20 тг.
Жеке тұлғалар үшін (66363 индекс)	2334,60 тг.	4669,20 тг.

## ТЖМ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Қаладағы ТЖБ-нің сәулетті ғимаратында қазан айының 18-жұлдызында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігінің құрылғанына 27 жыл толуына орай салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиынға Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Б.М.Сәрсембеков, «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Д.О.Дүйсембаев және басқа да мекемелер мен ұйымдар басшылары, баспасөз өкілі қатысты.

1995-жылғы 19-қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылған болатын. Осының негізінде 19-қазан Құтқарушылар күні болып белгіленді.

Құтқарушы мамандығының ең басты міндеті адам өмірін құтқару, бұл – жоғары және жауапты миссия. Сонымен қатар халықтың бейбіт өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайларға жол бермеу. Апат – айттып келмейді. Тосыннан болған апат кезінде азаматтарға бірінші болып көмекке ұмтылатын да осы төтенше жағдай қызметінің құтқарушылары. Бұл іс кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Оған үлкен жүрек, білім мен білік, машық пен тәжірибе қажет.

Әр өңірдегі департаменттерде де жедел құтқару жасағы, өрт сөндіру, апаттық медицина, судан құтқару секілді бірнеше құрылымдар бар. Құтқарушыға физикалық жағынан мықты әрі кәсіби маман болу жеткіліксіз. Өйткені, олардың тынымсыз қызметінде апат, зілзала, өрттен бөлек түрлі жағдайларда зардап шеккендерге психологиялық жағынан көмек көрсетуге де тура келеді. Сондықтан олардың қызметтері өте күрделі және қауіпті де. Сол үшін оларға қандай сый-құрмет көрсетсе де лайықты.

Салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөзі Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевке берілді.

Әкімнің құттықтауынан соң кезек марапаттау рәсіміне келді. Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны үшін қала әкімінің Алғыс хатымен 15 ӨСБ жүргізуші қызметкері Рүстем Ақылтайұлы Төлеутай, 15 ӨСБ жүргізуші-қызметкері Қайрат Айжарық, Приозерск қаласы Құтқару бөлім-

шесінің құтқарушысы Елжет Мейрамұлы Аймағамбетов және Приозерск қаласы Құтқару бөлімшесінің құтқарушысы Нұржан Қылышбайұлы Жүзмахановтар марапатталды.

Құтқарушыларды құттықтаған Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Б.М.Сәрсембеков 15 ӨСБ аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Алихан Алимжанұлы Игембек, 15 ӨСБ аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Сакен Жангабергенұлы Батирбаев, 15 ӨСБ аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Соколов Евгений Михайлович және 15 ӨСБ аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Сакен Маманбайұлы Бурибаевтерге Алғыс хаттарын табыс етті. Сонымен қатар Приозерск қаласы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Мақсат Қоныспайұлы Абюров құтқарушыларды төл мерекелерімен құттықтап, Азаматтық қорғау жүйесін дамыту мен нығайтуға қосқан үлесі, қызметтік міндеттерді үлгілі атқарғаны үшін және құтқарушы күнін мерекелеу құрметіне орай Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының Алғыс хатымен төмендегі тұлғаларды марапаттады: 15 ӨСБ бөлімше командирі Сырлыбай Болатбайұлы Жаркиналиев, 15 ӨСБ жүргізуші қызметкері Рүстембек Зейнадинұлы Зайнуллаев, 15 ӨСБ бөлімше командирі Руслан Еркемұлы Көккөзов, 15 ӨСБ аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Жасұлан Еркемұлы Сармантаев, Ұлытау облысы төтенше жағдайлар Департаменті Жедел құтқару жасағы басшысының орынбасары Марат Наильевич Аглюков және Қызылорда облысы Жедел құтқару жасағы басшысының орынбасары Мейрамбек Мұханбетқалиұлы Доспанбетов. Сондай-ақ Приозерск қаласының әкімі Сатаев Сапар Қайыркенұлына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы бастығының Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты жиыннан кейін құрметті қонақтар мерекелік дастарқан басында сұқбат құрды. **Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің арнаулы тілшісі.**

## БҮГІНГІ ЗАМАН БАТЫРЛАРЫ

Құтқарушы – қауіпті, өмірді тәуекелмен байланыстыратын мамандық. Түрлі табиғи және техногендік апаттардан адамдарды құтқаруға бағытталған, адамгершілікке толы, игі мамандық. Қай уақытта болсын, құтқарушы мамандығының мәртебесі биік. Өйткені олар адам өмірін құтқарумен айналысады. Су тасқыны, өрт, апаттар, тіпті қарапайым тұрмыстық мәселелерде ең біріншіден біз 112 нөмірін теріп, құтқарушылардың көмегін сұраймыз. Қиындыққа қарамастан, олар зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетеді. Лаулаған оттың ортасына кіреді, қансыраған адамды құтқарып, қатыгез қыстың аязында қалғандарға қол ұштарын созады. Бұл олардың жасайтын ерліктері. Алайда құтқарушылардың өздері бұл ауыр да абыройлы жұмыстарымен жар салып, мақтандайды. Сондықтан олардың ерен еңбегі, ерекше бағытталуы туралы біз – журналистер айтып, жазып, қоғамға білдіріп отыруымыз керек...

Приозерск қаласындағы 15 өрт сөндіру бөлімшесінде қалтысыз қызмет етіп келе жатқан, әр күні қауіп пен ерлікке толы өрт сөндіруші қызметкерлер аз емес. Бүгінгі мақаламызға кейіпкер болып қатысып отырған Маулен Түйтебайұлы Шашалов та сондай азаматтардың бірі. Құтқарушылар күні қарсаңында өрт сөндіру бөлімшесі басшылығынан Маулен туралы жылы лебіз есітіп, ол туралы жазуды мақсат еткенімізбен, дер кезінде өзімен жолығудың сәті түспеді. Себебі үнемі қауырт жұмыс кестесімен жүретін оның өзімен кездесіп, әңгімелесудің реті кештеу түсті.



Дене тұрқын қалыпты ұстаған, ортадан сәл биіктеу бойлы, жылы жүзді жігіт әңгімешіл болмай шықты. Сұрағаныма ғана жауап беріп, өзінің қызметі жайлы да жәй ғана атқаруға тиіс міндеті ретінде айтып отырды. 1989-жылдың 26-наурызында Қарағанды облысы Ағадыр ауданында дүниеге келген Мауленнің отбасы ол алты жасқа толғанда Приозерск қаласына қоныс аударған екен. Әкесі Түйтебай ағаны мен жақсы танимын. Қарапайым жүргізушілікпен айналысқан Түйтекең еңбеккер, өзіне тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай етіп тындыратын, жауапкершілігі мол, өзгелермен тіл табысып, жастарға білгенін үйретіп, қасына жақын тартып жүретін. 1995-жылы қалаға Өзбекстанның Тамды ауданынан бірнеше отбасын көшіріп әкелуге қатынасты. «Әкеге қарап ұл өсер», - демекші, Мауленнің бойындағы осындай жақсы қасиеттер әкесінен өткені айқын көрініп тұрды.

Бастауыш сыныпқа Ағадырдағы №1 мектепте барып, сол жылы Приозерск қаласына көшулеріне байланысты қаладағы Қазақстанның 60 жылдығы атындағы мектепке ауысады. 2003-жылы Шет ауданы Көктенкөл ауылындағы мектепке ауысып, аталған мектептің орта мектебін 2006-жылы бітіреді. Сол жылы Қарағанды қаласындағы Қарағанды экономикалық университетіне оқуға түскен. Дегенмен, өз болмысына тән болмаған, көңілі қаламаған мамандықтан бас тартып, оқудан шығады. Сол жылы еңбек жолын Астана қаласындағы «Базис» ЖШС-нен жұмысшы болып бастаған. Одан кейін Приозерск қаласындағы «ТҚҚБ» КМК-на қарасты қалалық қазандықта машинист

болып жұмыс істеген. 2009-жылы азаматтық борышын өтеу мақсатында әскерге алынып, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар станциясындағы 30212 әскери бөлімінде әскери қызметін өтейді.

2010-жылдан бері қазіргі құтқарушылық қызметін қалтысыз атқарып келеді. Қатардағы өрт сөндірушіліктен басталған қызметінде Өрт сөндірушілер бөлімшесінің командирі лауазымына өсті. Өмірінде де өзгерістер болды. 2014-жылғы 17-наурызда Балқаш қаласының тумасы Медина есімді арумен бас қосып, шаңырақ көтерді. Бүгінде отбасыларында Еркебұлан, Еркеназ, Медина есімді алтын асықтай ұл-қыздары өсіп келеді. Жары Медина №1 мектепте ұстаздық етуде. Маулен қызмет ете жүріп, білімін жетілдіруді де естен шығармапты. 2013-жылы Алматы қаласындағы Қ.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне оқуға түсіп, оны 2017-жылы бітіріп алған. Енді ол болашақ өміріне алаңдамайды. Бүгінгі қызметінен зейнетке шыққан соң басқа жұмыспен айналысуға жарайтын арнаулы мамандығы бар.

Атқарып жүрген өрт сөндірушілік қызметінің адам өміріне аса қауіптілігі туралы айтып, сол туралы ой-пікірін сұрадым.

—Енді, ол туралы жұрттың бәрі біледі ғой. Бірақ өз басым мұны ойламаймын. Кәдімгі өзімнің қызметтік міндетім ретінде қабылдаймын. Егер бойында үрей мен қорқыныш болса, онда өз қызметіңді жеткілікті дәрежеде атқара алмайсың. Әрине, талай қауіпті өрттерге қатыстым. Тек қала емес, сыртқа да шығып тұрамыз.

Алайда ерлік көрсету үшін емес, қызметімізді атқару үшін. Бұл салада адам ең алдымен сақтықты ұмытпауы тиіс. Оқиға орнында құтқарушы жылдам, еппен істеу қажет. Егер адам көліктің астында жатса, міндетті түрде адамның бетін жауып қою керек. Сонымен қатар, құтқарушылар өздерінің бас киімдері мен қолдарына арнайы қолғаптарын киюді ұмытпау керек. Ол өте маңызды талаптардың бірі, - дейді Маулен. — Біздегі жігіттердің бәрі де осындай пікірде. Біз бос уақытымызда спортпен шұғылданамыз. Сондықтан қаладағы футбол, волейбол сайыстарында көбінесе жеңімпаз боламыз. Бірнеше рет чемпиондық атақты жеңіп алғанымыз соның айғағы. Биылғы қаламызда өткен «Жыл мекемесі» байқауында бас жүлдеге ие болуымыз да біздің ұжымның ұйымшылдығын, ауызбірлігін білдіреді. Мұндай сайыс, байқау кездерінде бізде «бастық, бағынышты» деген ұғым болмайды. Бәріміз бір кісідей жұмыла кірісеміз іске.

«Бүгінгі заманның батырлары» деп атауға лайықты осындай құтқарушы азаматтарымыз барда, қала тұрғындары да алаңсыз ұйықтай алады. Бірақ, «өрт сөндірушілер бар ғой» деген салғырт ойдан аулақ болып, өз үйіңнен бастап, қоршаған органы қорғау, сақтау, әсіресе өрт қауіпсіздігін сақтау – қоғамның, әрбір отбасының, жеке адамдардың ортақ міндеті болуы тиіс. Балаларға бұл туралы жиі айтып, ескертіп отырғанымыз жөн. Сонда ғана қауіпті алдын алуға болады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.

## Наследственное дело

После смерти Никитенко Дениса Викторовича 18.09.1985 года рождения, умершего 18 июля 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющим наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б., г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

Частный нотариус г. Приозерск

## 29 қазан - "Қамқоршылар күні"

«Республика күні»

Қамқорлық — көмек қажет жандарға білдіретін сүйіспеншілік пен көмек болып табылады. Қамқорлық жасаушы адамның жүрегі кең, пейілі таза болады. Қамқорлық адамның өзгелерге деген ыстық ықыласын, адамгершіліктің белгісі деп білеміз.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы — оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы — сыйластық, жарастық орнаған орта.

Қазақстан Республикасы балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен жыл сайын 29 қазанда қамқоршылар мен қорғаншыларды көтермелеу, марапаттау мақсатында «Қамқоршылар күні» мерекесі өткізіледі.

«Қамқоршылар күні» мерекесін өткізу қамқоршылар мен олардың отбасында ата-ана жылуын тапқан жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін қайырымдылық шара болып табылады. Мерекенің басты мақсаты — жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды

тәрбиелеп жатқан қамқоршыларды қолдау, оларға демеу көрсету.

Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау аясында мемлекеттен қосымша көмек көрсетіледі: отбасында жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп отырған барлық қорғаншылар мен қамқоршыларға балаларды күтіп бағу үшін ай сайын жәрдемақы төленеді; жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды 29 жасқа дейін мемлекеттік тұрғын үй қорынан жеңілдікпен тұрғын үй алу үшін кезекке қойылады.

«Қамқоршылар күні» мерекесін атап өту қарсаңында қаламыздағы жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқорлықтарына алған ата-аналарды мерекелерімен құттықтап, өте жауапты істі қолға алып, адамгершілік негіздерін сақтай отырып балаларды тәрбиелеп отырғандарына ризашылығымызды білдіреміз және қамқоршы ата-аналардың отбасыларында береке-бірлік орнасын, ал балалары тек қуаныш пен жан жылуын сыйласын деп алғыс айтамыз.

**А.К.Мухаметжанова,**  
**Қарағанды облысы**  
**білім басқармасының**  
**«Приозерск қаласының білім**  
**бөлімі» ММ әдіскері**

«ЖАС ТАЛАНТТАР»  
БАЙҚАУЫ

Жуықта Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігі Приозерск қалалық филиалының ұйымдастыруымен Республика күні және «Балалар жылы» аясында «Жас талант» балалар мен жасөспірімдер арасында эстрадалық ән орындаушыларының байқауы өтті.

Байқау ережесіне сәйкес, 12 үміткер бірінші кезеңде патриоттық әндерін орындаса, екінші кезеңде еркін тақырыпта ән айтты. Кәсіби мамандардан құралған қазылар алқасы әрбір қатысушының репертуарына, дауыс ырғағы мен сахна қозғалысына жете мән бере отырып, төмендегіше жүлдегерлерді анықтады. 8-10 жас аралығында III орынды Сейтқали Айару, II орынды Елдосұлы Айдос, I орынды

Ерғали Алтынай иеленді. 11-13 жас аралығында III орынды Сәндібек Ернұр, II орынды Ерғали Балдаурен, I орынды Саятхан Арлан алды. Жоғарғы топ 14-17 жас аралығында III орынды Долгова Алина, II орынды Урисбай Жансая, I орынды Ерғалиев Бекболат еншіледі. Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталса, барлық қатысушыларға ынталандыру және арнайы сыйлықтар табысталды.

Жасөспірім өнерпаздарды өнер шығармашылығына талпындыру, өнерлерін ұштау мақсатында осындай байқаулардың жиі өткізіліп отырғаны дұрыс деп санаймыз.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

ҚАЙТА ОРАЛҒАН АЙБЫНДЫ  
МЕЙРАМ

«Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990-жылы 25-қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтуіміз керек», — деді Президент. Осынау қатарымызға қайта қосылған айтулы да айбарлы мереке туралы еліміздің болашағы саналатын жастар өкілдерінің де өзіндік пікірлері бар екен. Солардың бірнешеуін «Қоржынтүбек жаршысы» газеті оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік:

**Ернар Абилов:** Республика күні аталып өтілуі керек деп ойлаймын. Себебі ата-бабамыздың қолы еркіндікке, егемендікке дәл осы күні жетті. 1991-жылы алған тәуелсіздігіміз 1986-жылы болған желтоқсан оқиғасын амалсыз еске түсіреді. Ол күн — аза тұту күні, тәуелсіздік алуға үлес қосқан батырларымызды ұлықтайтын күн. Менің ойымша, Республика күні егемендігімізді, тарихымызды ұрпақтың санасынан жойып алмау үшін керек. Алғаш рет дәл осы күні біз өзімізді республика ретінде әлемге таныта бастадық. Тәуелсіздікті алуымызға дәл осы күні күшіне еңген декларация себеп болғанын естен шығармауымыз маңызды.

**Шерхан Орынбасар:** Әрине, айтулы дата болғаны абзал. Бірақ мағынасына, мәніне үнілетіндей құндылықтарды халық санасына ұқтырғанымыз жөн. Яғни бұл біз қаузап отырған Республика күні деген дата сыныққа сылтау іздеп, халықтың қазынасынан болмайтын шараға қаражат жарату емес, рухани толысуымыз үшін ғана ұйымдастыруымыз керек. Әйтпесе, бізде мейрам көп қой. Сондықтан өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай бекіткеніміз дұрыс.

: Тәуелсіз ел, республика болу жолындағы бабаларымыздың, аға-әпкелеріміздің қайсарлығы, ерен еңбектерін ескеру осы Республика күнінде тағы бір мәрте еске алынып, еленеді деп ойлаймын. Бұл мереке қала күнін тойлауға қарағанда маңызды. Әрбір қала еліміздің бір бөлігі, маған бұған дейін неге тұтас мемлекетіміздің құрметіне бір күнді арнайы арнамақса деген ой келетін еді. Оның жүзеге асқаны қуантады.

**Еламан Шабден:** Республика күнінің маңыздылығы Тәуелсіздік алған күнмен бір деңгейде болуы керек деген пікірдемін. Тәуелсіздікті мереке ретінде тойламай, қаралы күн деп жариялар болсақ, Республика күнінің маңыздылығы артар

еді. Сонда жыл сайын 16-желтоқсанда болатын бейбіт шерулер, митингілер тоқтайтын секілді. Оның орнына бір кездері тәуелсіздік алу жолында құрбан болған батырларымызды еске алсақ екен.

**Рүстем Даулетбеков:** Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде тойлануы — халқымыздың бойына қуат, жүзіне қуаныш сыйлаған оң шешім. Әуелі, қоғамның патриоттық сезімін арттыруға сеп болары анық. Әсіресе, елімізге қарата айтылып жатқан негізсіз пікірлер бар кезде осы датаның зор құрметпен аталып өтуі айырықша маңызға ие деп санаймын. Сол үшін бұл күнді Тәуелсіздік күнінен әсте кем етіп және бір күндік іс-шаралармен атап өту қате. Рухани құндылығымызды, қазақы қайсар рухымызды, бай тарихымызды, бабадан қалған даланың мұрагері ретінде алты алашты әлемге таныту арқылы осы тарихи датаның біз үшін қасиеттілігін аша білуіміз, көрсете алуымыз қажет. Сол себепті бұл күннің қажеттілігі мемлекетіміз үшін зор деп санаймын. Бұл дата тарихи бағасын әлдеқашан алып қойған. Тек бүгінгі қоғамнан өз орнын таппап еді. Алайда осы жылдан бастап қайта түлеп, жаңғырып, ұлтымызды ұлықтайтын мерекеге айналғаны көңіл қуантады. Егеменді ел болуымыздың алғашқы құжаты осы күні қабылданғанын білесіздер. Ол құр сөз емес, нақты факт. Сол себепті тарихи оқиға болған күн мемлекеттік деңгейде тойланғаны өте маңызды. Азаттық алуға жасалған алғашқы қадамның жеңісі, менің ойымша, осы күнмен тұспа-тұса келеді.

**Мұсатай Мирас:** Республика күнінің мереке болып белгіленуі еліміздегі мерекелердің санын көбейтеді дегуге болады. Негізінен 16-желтоқсан Тәуелсіздік күнін біз барынша мемлекеттік тұрғыда атап өтер едік. Тәуелсіздік күнінің мән-мазмұнын Республика күніне ауыстырып, 16-желтоқсанды тәуелсіздік күні қаза болған желтоқсаншыларды, азаттық үшін арпалысқандарды еске алуға бағытталған күйінде қалдыру керек деп ойлаймын.

Осы орайда 25-қазанның Республика күні болып белгіленуі құптарлық шешім. Ал 16-желтоқсан бізде Тәуелсіздік күні дегеннің өзінде, атап өте алмайтын мереке есебінде. Өйткені бұған дейін жаңа жылдық шыршалар Тәуелсіздік күнінен бұрын безендіріліп келді. Енді 16-желтоқсанды атап өтудің жеке бір рәсімі болса, «еске алу», «қазалы күн» деген секілді. Ал 25-қазан еліміздің жеке Республика болып құрылған күні болып сақталса, дұрыс болар еді.

**Махамбет ИСАТАЙ,**  
**газеттің бас редакторы**

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №16/16, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.